

## Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 849 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы  
№ 499 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z070319

1. Қоса беріліп отырған Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы ереже б е к і т і л с і н .

2. "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1839 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 523-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы ү л г і е р е ж е д е :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы ереже Үкіметтің жеке кесімімен бекітіледі.";

8-тармақтағы "мектептен тыс ұйымдарға" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      2 2                      м а у с ы м д а ғ ы

N                      8 4 9                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы осы Ереже мектептен тыс ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйым) қызметін белгілейді.

2. Ұйым өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы

Ережеге және Ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

3. Ұйымдарда азаматтардың, қоғамның мемлекеттің білімдік және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында білім берудің қосымша дамыту бағдарламалары іске асырылады.

4. Мемлекеттік Ұйымдардың білім беру қызметтеріне қол жеткізуді мемлекет қамтамасыз етеді.

5. Ұйымның негізгі міндеттері:

1) балалардың жеке басының дамуына, денсаулығын нығайтуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

2) балаларды қоғам өміріне бейімдеу;

3) олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;

4) өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

6. Ұйымдарға балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары; жас техниктердің, туристердің, натуралистердің станциялары мен базалары; балалар музыка, көркемөнер және спорт мектептері, өнер мектептері; ынта-ықыластары бойынша клубтар; спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер; балалар парктері, стадиондар, галереялар және басқа да ұйымдар жатады.

6-1. Мектептен тыс ұйымның әрбір түрі қызметінің тәртібін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді. <\*>

**Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.16. N 1208 қаулысымен.**

## **2. Қызметті ұйымдастыру**

7. Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

8. Ұйымның білім беру қызметі ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатады.

9. Мемлекеттік Ұйымның педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген жеңілдіктерге құқылы.

10. Ұйым "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

## **3. Қызметінің негіздері**

11. Ұйым өз бетінше Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен мектептен тыс ұйымның әрбір түрі

қызметінің тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің негізінде өз қызметінің білім беру бағдарламасын әзірлейді. <\*>

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.11.16. N 1208 қаулысымен .**

12. Ұйымдағы тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және тәрбиеленушілердің елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыластары мен қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

13. Ұйымда нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

14. Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар Ұйымда ынта-ықыластары бойынша студияға, ансамбльге, топқа, үйірмеге, театрға (бұдан әрі - топтар) біріктіріледі. Топтардың құрылуы балалардың өз таңдауларына негізделеді.

15. Топтардың қызметін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ескере отырып, педагог белгілейді.

16. Топтарда сабақтар бірыңғай тақырыптық бағыттағы бағдарламалар немесе кешенді, үйлестірілген бағдарламалар бойынша өткізілуі мүмкін.

17. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған Ұйым бекіткен ережемен белгіленеді.

18. Ұйым топтарының толықтырылуын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес белгілейді.

19. Әр баланың бірнеше топта шұғылдануға құқығы бар.

20. Ұйымда оқу-тәрбие процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Ұйымда білім алушыларды тәрбиеленушілерді аурудан сақтандыру, олардың денсаулығын нығайту, денесін шынықтыру, салауатты өмір салтын ынталандыру шараларының орындалуы қамтамасыз етіледі.

#### **4. Білім беру процесіне қатысушылар**

21. Ұйымдағы оқу процесіне қатысушылар: балалар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (кәмелетке толмағандардың өзге де заңды

өкілдері) болып табылады.

22. Балаларды мектептен тыс ұйымдарға қабылдаудың жалпы тәртібін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілейді.

23. Балаларды Ұйымға қабылдаудың тәртібін заңнамамен реттелмеген бөлікте құрылтайшы белгілейді және ол Ұйымның Жарғысында бекітіледі.

24. Балаларды Ұйымға қабылдау кезінде Ұйым, ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Ұйымның жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясымен және қабылдау мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

25. Білім алушылардың, ата-аналардың (кәмелетке толмағандардың өзге де заңды өкілдерінің), қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Ұйым жарғысымен және білім беру саласындағы өзге де заңнамалық кесімдермен белгіленеді.

26. Ұйымның педагогикалық қызметіне тиісті кәсіптік білімі бар азаматтар жіберіледі.

27. Қызметкер мен Ұйымның еңбек қатынастары еңбек шартымен реттеледі, оның шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

### **5. Ұйымды басқару**

28. Ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы ережеге және Ұйымның жарғысына сәйкес демократиялық, жариялылық, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығы, тұлғаның еркін дамуы қағидаттарында жүзеге асырылады.

29. Ұйымды алқалы басқару нысаны Ұйым кеңесі, жалпы жиналыс, педагогикалық кеңес және басқа да нысандар болып табылады.

30. Ұйымға тікелей басшылықты директор жүзеге асырады.

31. Ұйым директорын қызметке құрылтайшы тағайындайды және одан босатады.

### **6. Кәсіпкерлік қызмет**

32. Ұйым жарғыға сәйкес, білім беру және өзге де ақылы қызмет ұсыну есебінен кіріс әкелетін қызметпен айналыса алады.

### **7. Халықаралық қызмет**

33. Ұйымның халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық шарттар, келісімдер мен конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

### **8. Қорытынды ережелер**

34. Ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Ұйым қызметінің тәртібін осы Ережемен реттелмейтін бөлікте құрылтайшы белгілейді және ол Ұйымның жарғысында бекітіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ